

Қарамұрт ауыл округі Қарамұрт ауылының Ш.Мирзалиев көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарамұрт ауыл округі әкімінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 12 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 сәуірде № 3151 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарамұрт ауыл округі әкімінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 94 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданы Қарамұрт ауыл округі әкімінің 26.06.2015 № 94 шешімімен.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 01-04/69 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Қарамұрт ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қарамұрт ауыл округі Қарамұрт ауылының Ш.Мирзалиев көшесінде тұратын азамат У.Хамутовтың иті құтыру ауруымен ауруына байланысты Қарамұрт ауылының Ш.Мирзалиев көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қарамұрт ауылдық
округінің әкімі*

А.Мамадабаев